



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ  
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ  
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА  
GUMILYOV EURASIAN  
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2015»  
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
X Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2015»

---

PROCEEDINGS  
of the X International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2015»

**УДК 001:37.0**  
**ББК72+74.04**  
**Ғ 96**

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0  
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2015

элемент немесе кез келген мифтің мотиві» деген анықтама берді.

Мифология ғылымы әлі де терең зерттеулерді талап ететін салалардың бірі. Дегенмен осы саладағы алғашқы ізденістер өте ерте замандарда жасалған. Мифология әр түрлі ғылым салаларымен ұштастырылып зерттелуде. Соған сәйкес көптеген мектептер мен теорияларды, көзқарастардың болуы бұл ғылымның елеулі түрде дамығандығын көрсетеді.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Стеблин-Каменский М. И. Миф. – Ленинград: Наука, 1976
2. Галанина Е.В. Миф как реальность и реальность как миф: мифологические основания современной культуры, 2013
3. Полищук В.И. Культурология, 1999

УДК 81.33

#### **ДИСКУРС ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ**

**Ахан Гүлнұр Түймебайқызы**

[akhang@bk.ru](mailto:akhang@bk.ru)

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ  
«Жалпы тіл білімі және аударма теориясы» кафедрасы  
ғылыми жетекші – Ә.М.Қызырова

Бүгінгі филологиялық ғылым саласында дискурс пен оның табиғатын зерттеуге байланысты ойлар әр тарапты. Оның «белгілі бір аядағы ағымдық тілдік қызмет», «тілдік байланыстар арқылы жасалатын мәтін», «аяқталған тілдік қарым-қатынас», «оқиғалық аспектідегі мәтін» тағы сол сияқты көптеген анықтамалары бар. Сонда «дискурс» ұғымы тілдік қызметті де, мәгінді де, мәтін аясын да, ойтолғамды да білдіретін көп қырлы термин. Яғни, бір сөзбен айтқанда, дискурс мәтіннен басқа экстралингвистикалық факторларды (қоршаған ортаны, ойтұжырымды, қағидалар мен адресаттың мақсаты) білдіретін күрделі экстралингвистикалық құбылыс. Бұл жөнінде Л.Дж.Филиппс, М.В.Йоргенсен, М.Л.Макаров, Е.И.Шейгалдардың зерттеулерінде кеңінен айтылған.

«Дискурс» термині өзінің анықтамасының түрлілігіне қарамастан, бірқатар гуманитарлық ғылымдар қатарына еніп үлгерді. (лингвистика, семиотика, психология, философия, социология, әдебиеттану) тіл қызметінің зерттеу пәні ретінде қолданылып жүр[1].

«Дискурс» ұғымын ең алғаш шетел зерттеушілері әртүрлі көзқарас тұрғысынан зерттеді. Мысалы, Т.ван Дейк, Дж. Остин, М.Л.Макаров, Дж.Луиза, С.И.Виноградов, Б.П.Паршин, В.З.Демьянков, Ю.С.Степанов және т.б.

Ғалым Ю.С.Степановтың зерттеуі бойынша дискурс «тілдің ішіндегі тіл». Яғни дискурс ұғымы «тіл – рух», «тіл – болмыс мекені» деген философиялық тезиске келеді.

В.З.Демьянков дискурсты сөйлемдер мен фрагменттерден тұратын интерпретатордың көз алдына ойша келетін мәтін деп қарайды.

Жалпы дискурс теориясы пәнаралық сипатқа ие. Х.Х.Нүрсейітова медиялық дискурс туралы зерттеу жұмысында: «Бұл теория адам қызметінің түрлі аспектілерінде көрініс табатын академиялық пәндерді қамтиды: антропология, журналистика, риторика, әдебиет пен мәдениеттану, әлеуметтану, психология, география, заң ғылымы» деп айтады. Дискурс теориясының қалыптасуында екі дәстүрлі мектеп өкілдері (американдық мектеп, оның негізін салушы – Франц Бае, чеш лингвистикалық мектебі, негізгі өкілі – Вильям Матезиус) маңызды рөл атқарды. Дискурс талдау теориясының жеке пән ретінде қалыптасуы жалпы тіл білімінде ХХ ғ-ң 70-жылдарына, қазақ тіл білімінде бұл мәселеге қатысты зерттеулердің ғылыми айналысқа түсуі өмір сүріп жатқан ғасырымыз, ХХІ ғасырдың басына жатқызылады.

Қазіргі дискурс теориясы «дискурс» термині сияқты, антикалық риторикадан бастау

алады, дегенмен де дербес сала ретінде XX ғ. 60-жылдарында ғана мәтін лингвистикасы деген атауға ие болған көптеген зерттеулер тұрғысында қалыптасты.

Лингвистикада «дискурс» «мәтін» түсінігімен байланыстырылады. Мәтін тілдік және экстралингвистикалық феномен ретінде әр түрлі қызметтерді атқара алады: қатынас құралы, ақпаратты тасымалдаушы және сақтаушы, тарихи кезеңдердің туындысы, мәдениет формасы, әлеуметтік-мәдени дәстүрлердің белгілі бір көзқарас нысаны.

Лингвистиканың көзқарасы бойынша, мәтін- тілдің ең алғашқы тіршілігінің формасы [2]. Мәтін- макроқұрылым, тек бір жүйемен емес, жаһандық тұтастықпен байланысты [3, 467-472]. Мәтінді зерттеуде психолингвистикалық қадамдар жасау – ол мәтінді коммуникацияның бірлігі ретінде қарау, қарым-қатынастың мұқтажы болып есептелінеді [4, 136-137]. Дискурс категорияларының сипатын анықтау идеологиялық мақсатты көздейді, тілдік анализ тұрғысына жатады. [5]. Қалыптасқан лингвистикалық көзқарас тұрғысынан алғанда дискурс екі немесе бірнеше сөйлемнің бір-бірімен мағыналық қарым-қатынас негізінде анықталады. [6, 81-104]. Дискурс «өмірге кіріктірілген құрал» [7, 7-13]. Ал мәтін қарым-қатынас құралы [8, 17-20]. В.Е.Чернявская дискурс жайлы әр түрлі ұғымдарды екі негізгі типке жатқызады: 1) нақты коммуникативті жағдай, жазба және ауызша сөйлеу сипатындағы когнитивті және типологиялық коммуникативті кеңістікте болады. 2) тақырыптық жақын мәтіндердің бірыңғайлығы [9].

Б.М.Гаспаровтың пікірінше, дискурс тілдік тіршілік, адамзаттың тоқтаусыз тәжірибесінің бөлігі [10]. Дискурс когнитивті-коммуникативті қызметтің тұтас сөздік жан-жақтылығы [11]. Дискурс сөздік интеграцияның орталық бірлігі болып табылады. [12, 19-33].

Ф. Соссюр дискурс терминін «сөз» ұғымының эквиваленті ретінде қолданады. П.Серио болса, дискурс сөйлеуші мен тыңдаушы арасында болып жатқан жағдайдың әсері, сөздік белсендіруші, теориялық құрылым [13].

Мәтін мен дискурс Е.И.Шейгал пікірінше төрт негізгі ұғымға саяды: 1. Дискурс-лингвоәлеуметтану саласы болса, мәтін –лингвистикалық аймақ.

2. Дискурс және мәтін – үдеріс және нәтиже секілді. 3. Дискурс және мәтін «өзектілік» және «мүмкіндік» тұрғысында қолданылады. 4. Дискурс және мәтін «ауызша» және «жазбаша» бола алады. Осындай парадигманы М.Л. Макаров та келтіреді: 1) «жазбаша мәтін»- «ауызша дискурс», 2) «бір ғана авторға тиесілі монолог» - «тілдік қарым-қатынасқа түскен интерактивті диалог», 3) дискурс-кең ауқымдағы ұғым, оған мәтін де сөз де кіреді. Осылайша «мәтін» мен «дискурстың» аражігі қарым-қатынасы ауызша дискурс және жазбаша мәтін, процес пен нәтиже қарым-қатынасының қарама-қайшылықтары да бар.

Ю.Е. Прохоровтың пікірінше, «мәтін» мен «дискурс» екі түрлі түсінік. Мәтін және дискурс құрылым мен қатынас құрамындағы нәтиже [14].

Аталмыш пікірді шығыс ғалымы Чан Ким Бао да қолдайды, шығыс лингвистика әдіснамасы мен философиясына сүйенеді. Кез-келген сөздік туынды- мәтін бола алады, мәтіннің «серіктесі» бар, ол-дискурс, дискурс-мәтіннің әрекеттегі түрі, олар бір-бірімен араласып кету заңдылығына бағынады. Басқаша айтқанда, мәтінде дискурстың элементтері бар, ал дискурста мәтін элементтері бар, «мәтін де дискурс та ауқымды және біртекті» [15].

Ю.Е.Прохоров осы ойды жалғастыра келе, мәтін және дискурс бір-бірінен бөліп жаруға болмайды, мәтін және дискурс қатынас бөлігі [16].

Ю.Е. Прохоровтың тұжырымдамасын дамыта келе біз мынадай талдау шығаруымызға болады: дискурс қарым-қатынастың экстравертивті фигурасы, яғни вербалды формалардың жиынтығы, белгілі бір лингвомәдени орта өкілдерінің қарым-қатынасқа қатысу формалары мен ұйым тәжірибесі. Мәтін – қатынастың интровертивті формасы, яғни лингвистикалық және экстралингвистикалық ұйым қатынастың лингвомәдени орта өкілдерінің сөз формасы.

А.А.Кибриктің пікірі бойынша «дискурс тіл білімінің анағұрлым маңызды орталық объектісі ретінде оның бірліктерін «нөлден бастап» қолданатын болса онда тіл білімі өзінің көптеген жаңылысуларын жояр еді». Э.Бенвенист «дискурс» терминін алғаш лингвистикаға енгізген ғалым ретінде «сөйлеушінің бағыттаушыға деген айтылымы және мұнда субъектінің эксплицитті килігушілігі болмайды» деп жазады [17, 282-300].

Дискурсты зерттеуде аналитикалық тәсілдерді қолдану құрылымдық лингвистика мен постқұрылымдық лингвистиканың және философиялық лингвистиканы зерттеуге мүмкіндік берді. Яғни тіл арқылы ғана біз ақиқаттың түбіне жете аламыз, ол тек шындықты ашып қана бермей, негізін қалауға түрткі болды.

Эрнесто Лакло мен Шанталь Муффың дискурсивті теориясы әлеуметтік ұғымды дискурсивті құрылым ретінде түсінуге бағыттады. Аталмыш теорияға сүйенетін болсақ, дискурс белгілі бір ұғымдардың көмегі арқылы әлеуметтік әлемді қалыптастырады. Әрине әлеуметтік құбылыс ешқашан аяқталмаған немесе толық болмайды, тіл ұғымдарының тұрақсыздығынан тұрақты бола алмайды.

Э.Лакло мен Ш.Муфф дискурс теориясынан тіл құрылымын Ф. де Соссюр еңбегіндегі белгілер тізбегі қарым-қатынасындағы тұрақтылыққа ұқсатуға болады. Кез-келген нақты белгінің тұрақтылығы-шартты түрде мүмкін, бірақ қажеттілігі жоқ. Нәтижесінде, бірде-бір дискурс тұйық немесе аяқталған болып есептелмейді: ол үнемі өзге дискурстардың қарым-қатынасы нәтижесінде өзгеріп отырады.

Дискурс деп барлық ғалымдар сөйлеу әрекетінің тәжірибесі нәтижесінде пайда болған барлық құрылымдық бірыңғайлықты айтады. Авторлар дискурсты *қысқартылған мүмкіндіктер* дейді, яғни дикурстың мүмкін болатын элементтерін шегеріп тастағанда («қосымша ұғымдар» сөйлеу әрекеті тәжірибесінде пайда болған) дискурсивті аймақ қалыптасады.

Ғалымдар әлеуметтік тәжірибе толығымен дискурсивті деп есептейді, бұл теорияда дискурстың негізі болып Лакло мен Муфф теориясының маңызды бөлігі «субъект» ұғымы қатар жүреді. Дискурс теориясына сәйкес, қалыптасқан дискурстағы субъектілі мақсат дискурсқа қатысушылардың нені күтіп тұрғанынан көрініс табады: қалай әрекет ету керек, нені айту керек, нені айтпау керек.

Субъект өздігінен әрекет жасамайды, ол дискурстың көмегімен жүзеге асады. Сонымен қатар оның әрекеті тек бір ғана әдіспен емес, немесе бір ғана дискурспен анықталмайды, оған керісінше әр түрлі мақсаттағы әр түрлі дискурс әсер етеді.

Ертедегі ғылыми терминдерге сүйенетін болсақ, дискурстегі субъектінің мақсаты субъектінің бірлігі ретінде қаралады немесе оны «тұлғалылық» дейді. Лакло мен Муффың дискурс теориясына сүйенетін болсақ, тұлғалылықтың екі типін көруге болады: жекелей тұлғалылық және топтық тұлғалылық. Топтық тұлғалылықты дискурс теориясы тұрғысынан қарайтын болсақ, тұлғалар топқа жиналады. Топты құрудағы маңызды элементтердің бірі өкілділік немесе қайта таныстыру (репрезентация) болып табылады. Дискурс теориясы терминінде топ дегеніміз егер оның атынан әлдекім сөйлемесе немесе ол жайлы айтпаса, онда ол дискурсты бар деп айтуға болмайды.

Өкілеттілік немесе топтық тұлғалылықтың бүгінгі таңдағы жағдайы әлеуметтік лингвистикамен байланысты, яғни дискурсты екі типке бөледі: жекелей дискурс және рөлдік-мәртебелі дискурс. Дискурстың әр типінде өзіне тән белгілері бар: Э.Лакло мен Ш.Муфф дискурс теориясының сыншылары дискурс теориясында өзгерістер мүмкіндігінің асыра бағалаушылығының бар екендігін айтады. Субъектілерді өзара қалыптастыратын дискурс үнемі шектеулерге кездеседі, дискурс дәрежесіндегі шектеулер емес, қарым-қатынас құрылымының дәрежесіндегі шектеулер. Дискурс теориясының кейбір жағдаяттарын ескере отырып Л.Дж.Филлипс және М.В.Йоргенсен «дискурстың тәртібі» деген ұғымды қолдануды ұсынады. Бұл тұрғыда дискурс жартылай мағыналық тұрақтылыққа жатады және «дискурс тәртібі» -әлеуметтік кеңістік нысан ретінде бір мезетте әр түрлі дискурстарды қамти алатын аймаққа орнығу үшін әрекет етеді. Осылайша әр түрлі дискурс арасындағы байланысты тануға болады.

Дискурсты зерттеу сонымен қатар Норман Фэрклоның дискурсты талдауды сынау жұмысы аясында өз дамуын жалғастырған, яғни ДТС(Дискурстық талдауды сынау). Ғалым ДТС-ны жүйелі зерттей келе «әлсін-әлсін байқалатын себеп-салдарлы мен басқарушылық дискурсты тәжірибелермен, жағдаяттар мен мәтіндердің кең ауқымдағы әлеуметтік және мәдени құрылымдардың, байланысы мен үдерістері» арасындағы қарым-қатынас етіп

қолданады. Н.Фэрклоның пікірінше дискурс- әлеуметтік тәжірибенің маңызды формасы. Ғалым әсіресе жүйелі талдаудың ауызша мен жазбаша тілдік қолданыста аса қажет екендігін дәлелдеді, тек мәтін талдаудың дискурс талдауға жеткіліксіз екендігін айта келе, пәнаралық көзқарастың керек екендігіне көңіл бөлді. Ол әрине, ең алдымен әлеуметтік талдау жасауға қажет.

Н.Фэрклоның Э.Лакло мен Ш.Муфф теориясынан айырмашылығы – ол дискурс ұғымын тіл мен образ секілді семиотикалық жүйеге жатқызады, яғни әлеуметтік тәжірибенің барлығын дерлік дискурс деп қарастырады. ДТС тұрғысынан алғанда, негізгі екі өлшем дискурсты қалыптастырады: 1) коммуникативті жағдайлар-тілдің ерекше қолданысқа түсетін жағдайы (мыс: газет мақалалары, фильм, сұхбат, саяси мәтіндер және т.б.) 2) дискурс тәртібі – дискурстың барлық типті кескіндемесі, яғни белгілі бір әлеуметтік институтта немесе әлеуметтік аумақта қолданылады.

Әрбір тілдік жағдай коммуникативті жағдай туғыза алады, және оған үш өлшем керек: 1) мәтін (сөз, хат, визуалды бейне және оның құрамы), 2) мәтіннің құрылымы мен оның қабылдауын қамтитын дискурсивті тәжірибе 3) әлеуметтік тәжірибе.

Дискурсивті тәжірибе мәтін мен әлеуметтік тәжірибе арасындағы аралық ретіндегі рөлді атқарады. Дискурсивті тәжірибенің талдауы авторлардың ертеде қалыптасып үлгерген дискурсы мен жанрларын қолдануы арқылы қалыптасады, қабылдаушылар мәтінді тиімді дискурстар мен жанрлардың қабылдауы арқылы және мәтіндік түсіндіру арқылы жүзеге асырады.

Дискурс тәртібі Н.Фэрклоның зерттеулерінде өзге әлеуметтік институттармен байланысқа түседі. Кейінгі еңбектерінде «дискурс тәртібі» ұғымы Пьер Бурдьенің «аймақ» ұғымымен байланыстырылып, белгілі әлеуметтік аймақты құрайды.

«Дискурс аймағы» (field of discourse) терминін өз зерттеулерінде сонымен қатар, Майкл Хеллидей қолданады, яғни әлеуметтік құбылыстардың табиғаты болып жатқан әрекеттер жайлы ақпараттың негізі деп түйіндейді.

Н.Фэркло мәтіндік талдау ретінде зерттеудің бірқатар әдістерін ұсынады: 1) қарым-қатынасты бақылау, сұхбаттасушылар арасындағы қарым-қатынасты қадағалау; 2) метафоралар [36,] 3) фразалық сөз құрылымдары 4) грамматика.

Когнитивті және функционалды лингвистика мен мәтін лингвистикасы тұрғысынан алатын болсақ, берілген аналитикалық нұсқа жүзінде грамматика мен фразалық сөз құрылымдарын зерттеу мына құрамдас бөліктер бойынша кең мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады: а) мәтіннің лексика-семантикалық және стилистикалық ерекшеліктерін талдау; б) мәтіннің синтаксистік ерекшеліктерін талдау, оның ішінде эксплициттік және имплициттік байланыстар; в) мәтіннің прагматикалық ерекшеліктерін талдау. Когнитивті лингвистиканың дамуы дискурс анализінің жаңа бағыттарына жол ашты. Дискурс ұғымы когнитивті-дискурстық парадигмаға жатады; дискурс талдаудың когнитивті нұсқасы дискурсті тәжірибе мен мәтіндік қабылдаудың анағұрлым терең зерттеу құралы бола алады.

Т.А. ван Дейк талдауының әлеуметтік когнитивті (танымдық) амалдары аясында дискурстық талдауды уақытша әлеуметтік және дискурсті тәжірибенің когнитивті құрылымы деп қарастырады. Дискурстың семантикалық және прагматикалық ерекшеліктерінің негізі ретінде, импликация мен пресуппозиция құрылымы болып «білім» қарастырылады. Адресант қабылдаушыға белгілі ақпаратты біліп тұруы тиіс, және ол әлеуметтік қайта таныстыру немесе ментальді нұсқаның пропозициясын анықтауға қажет. Қабылдаушыларға өз кезегінде қарым-қатынастың түрлі имплицитті формалары жайлы қажетті білімді игеруі тиіс. Басқаша айтқанда, индивидтер бір-біріне ортақ білімнен хабардар болу керек, және осы білімдер қатысушылардың дискурсті стратегияларын басқарады [18].

Дискурс жайлы келтірілген барлық зерттеулерді ескере келе, М.А.Хеллидейдің де дискурстық талдау бойынша ұсынған жүйесіне назар аударуымыз керек. М.А.Хеллидей жүйесі бойынша дискурстың моделі «контексті» негізге ала отырып, «мәтін мен жағдаят арасындағы байланыстырушы көпір» деп қарастырады. Мәтін және контекст бір үдерістің нәтижесі, олар бір-бірімен тығыз байланысты және дискурс ауқымын кеңейтіп, контекст

жағдайы мен өнерінде басты қызмет атқарады дейді М.А.Хеллидей.

Дискурс талдау үш бағыт бойынша жағдаяттар контекстінде қаралады. Дискурс аймағы өз кезегінде болып жатқан жағдайды сипаттайды, әлеуметтік әрекеттің табиғатын жеткізеді. Осылайша дискурс аймағы М.А.Хеллидейдің және Пьер Бурдьенің дискурс зерттеуіндегі терминдері мен ДТС-ның «дискурс тәртібі» жайлы бір ұғым шығаруға болады. Дискурс бағытын оның қатысушылары олардың мәртебесі және болып жатқан жағдайдағы рөлі қалыптастырады. Дискурс формасы (mode of discourse)- тілдің қызмет атқаратын орны. М.А.Хеллидей дискурстың үш негізгі белгісін анықтай келе, жағдаят аясындағы бөлек аспектілердің жиынтығы дискурсты жасайтынын дәлелдеді.

Белгінің бірінші түрі –тәжірибелік мәнді белгілер (experimental meaning) шынайы әлемнің саналы үдерісінің тәжірибесін және дискурс аймағын сипаттайды. Бұлар мәтіннің семантикалық құрылымдарының тәжірибелік элементтері. Белгінің екінші түрі – дискурсқа қатысушылардың арақатынасы ерекшеліктері дискурстың бағытын көрсетіп, тұлғааралық категорияларды көрсетеді. Жалқы мәтіндік белгілер дискурс формасын-айтылымның анағұрлым ортақ белгілерін жинақтап, дискурстың негізгі мақсатын жүзеге асыруда қатысушыларға қажетті жағдай жасайды. Аталмыш дискурс белгілері тілдік бірліктер арқылы М.А.Хеллидейдің мәтін талдауының лексикалық және грамматикалық белгілері дискурстың өзіне ғана тән ерекшеліктерін тануға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, дискурс теориясының тек тілдік қызметте ғана емес,сонымен қатар ,кәсіби қызметте де (медиялық дискурс,саяси дискурс,дипломатиялық дискурс) алар орны зор. Дискурсты зерттеу тек тілдің қадір-қасиетін, мүмкіндігін танудың жолы ғана емес, онда белгілі бір дәрежеде өркениет пен ғылым өрісінің көрінісі бар. Оған дәлел бүгінгі дискурстың әлі де ашылмаған тұстарының көптігі.Демек дискурсты теңіз түбіндегі маржандар секілді ғылым тұңғығынан алып шығу –әрбір тіл маманының борышы.

#### **Қолданылған әдебиет**

1. Белозерова Н.Н. Парадоксы дискурса, 2002
2. S. Schmidt. Der Diskurs des Radikalen Konstrukti-vismus, 1996
3. Николаева Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики текста// Новое в зарубежной лингвистике. – Прогресс, 1978. – Б. 467-472
4. Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – Б. 136-137
5. Макаров М.Л. Основы теории дискурса. – М.: Гнозис, 2003.
6. Майданова Л.М. Речевая интенция и типология вторичных текстов // Человек – текст – культура. – Екатеринбург, 1994. – Б. 81-104.
7. Сусов И.П. Деятельность, сознание, дискурс и языковая система // Языковое общение: Процессы и единицы. – Калинин, 1988. – Б. 7-13.
8. Панкратова О.А. Типы дискурса // Проблемы лингвокультурологии и семантики через призму междисциплинарной парадигмы. – Волгоград, 2001. – Б. 17-20.
9. В.Е. Чернявская. Дискурс власти и власть дискурса, 2006
10. Гаспаров Б. М. Язык, память, образ.Лингвистика языкового существования, 1996
11. Манаенко Г.Н. Осложненное предложение в языке и речи: Очерки по теории и методологии исследования. – Ставрополь, 2003.
12. Дука, А.В. Дискурсы и коллективные действия в общественных движениях // Общественные движения в современной России: от социальной проблемы к коллективному действию. – М.,1999. – Б. 19-33.
13. Серио П. Квадратура смысла. Фанцузская школа анализа дискурса, 2002
14. Шейгал Е. И. Политический скандал как нарратив // Языковая личность: социолингвистические и эмотивные аспекты. – Волгоград: Перемена, 1998. – Б. 55-68.
15. Чан Ким Бао. Текст и дискурс - 2000.
16. Прохоров, Ю.Е. Действительность. Текст. Дискурс. – М.:Флинта, Наука, 2004.